



CAF

CENTRAL ASIA FASHION

SPRING-2023

31 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘН КӨРМЕСІ МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ

13-15 наурыз марта 2023

Ресми ұйымдастырушы
Официальный организатор
caTEXPO

WWW.FASHIONEXPO.KZ

Fashion-retail сарапшылары мен сала мамандары Алматыда Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінде бас қосатын болады

13-15 наурыз 2023, Алматы, «Атакент» ҚІЮ Тимирязев к-сі, 42, 11 павильон Баспасөз қызметі:

Татьяна Синенко +77714164251

БАҚ аккредитациясы: <https://fashionexpo.kz/press-tsentr/akkreditatsiya-smi>

13-15 наурыз аралығында «Атакент» ҚІЮ-да Орталық Азия аймағындағы ең ірі B2B іс-шараларының бірі орын алмақ. Дәстүр бойынша, Spring-2023 Central Asia Fashion (CAF) маусымында әлемнің 10-нан астам елінен келген сән индустриясының өкілдері 3 жұмыс күнін барынша тиімді өткізе алады: 15 жылдан астам уақыт бойы CAF көрмесі киім өндірушілерін, сенімді серіктестерді табу, топтамаларды жеткізуге тапсырыстар жасау, дистрибьюторды табу, сонымен қатар кәсіби даму үшін ең жақсы жағдайларды жасауда.

Central Asia Fashion биылғы маусымында түрік, ресейлік, итальяндық, грек брендтерінен басқа, Өзбекстаннан, сондай-ақ Удмурт Республикасынан келген өндірушілердің үлкен ұжымдық кластері сән саласындағы жаңа өнімдерін жарыққа шығарады.



CAF бизнес-конференциясы

CAF көрмесінің бизнес-конференциясы - өңірдегі fashion ритейл саласы сарапшыларының тікелей пікірталастары мен талқылауларының негізгі алаңдарының бірі болмақ. Ұйымдастырушылар әртүрлі аймақтардағы қазақстандықтардың сән, демалыс, медиа тақырыптары бойынша бірегей ауқымды салалық зерттеулерін дайындап жатыр. Сауалнама деректері бірқатар өзекті сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік береді: Әр өңірдегі қазақстан жастары бос уақытын қалай өткізеді және ақшасын қайда жұмсайды? Сүйікті сән дүкендері қандай және сауда жасауға не ықпал етеді? Қазақстандықтар үшін не маңызды, еліміздің жас тұрғындары не үшін және қанша қаражат жұмсауға дайын? Қазақстанда қандай әлеуметтік желілер ең танымал және қазақстандықтар жаңа медианы қаншалықты пайдаланады?

Сонымен қатар, бизнес-конференцияға қатысушылар Орталық Азиядағы сән индустриясының бөлшек сауда секторына арнайы шолу жасап, Қазақстандағы социологиялық және маркетингтік зерттеулердің жетекшілерімен панельдік пікірталас өткізеді. Сарапшылар бірқатар өзекті сұрақтарға жауап береді: Гиперинфляция кезінде сатып алушылардың мінез-құлқы қалай өзгереді? Қазақстандықтардың менталитетінің ерекшелігі қандай және ол бақыт индексіне қалай әсер етеді? Жаһандық бизнес хаб-ретіндегі Қазақстанның ұсынатын мүмкіндіктерін қалай жіберіп алмау керек? Бизнес-конференцияның аясында алғаш рет сән трендтерін болжау саласындағы көшбасшы - WGSN компаниясының коммерциялық сатып алудың сән үдерістерінің тренд-болжамы және әлемдік трендтерді болжау ұсынылады, ассортиментті жоспарлау және гиперинфляция жағдайында сату және баға белгілеу ерекшеліктері, тұрақсыздық кезінде бизнестің тұрақтылығын сақтау бойынша сарапшылық тақырыптық семинарлар өтетін болады.



«Вакансиялар жәрмеңкесінен» бастап «бір сағатқа стилистке» дейін

Central Asia Fashion қатарынан екі маусым бойы сала мамандарының кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған коммерциялық емес арнайы жобалар ұсынып жатқанын айта кеткен жөн. Мысалға, CAF кеңес беру орталығында бизнес-бағдарлама аясында fashion индустриясы сарапшыларының тегін жеке іскерлік кеңестері өтеді. Тәжірибешілер бөлшек сауда бизнесі туралы сұрақтарға жауап береді, ал келушілер кәсіби ұсыныстардан басқа өз бизнесі үшін консалтингтік компанияны немесе тәлімгерді таба алады. CAF Вакансиялар жәрмеңкесінде қызметкерлерді жұмысқа алу бойынша тегін кездесулер ұйымдастырылады: жоба жұмыс іздеушілерге fashion саласындағы жұмыс берушілер туралы білуге және кәсіби HR мамандарымен қысқаша сұхбаттан өтуге, ал жұмыс берушілерге қызметкерлерді іздеу бойынша өтінімдерді қалдыруға мүмкіндік береді.



Көрменің сұранысқа ие «Бір сағатқа стилист» бірегей жобасы енді екі нұсқада ұсынылатын болады: DEMO пакеті және Standart пакеті. Жылдың танымал стилисті Мира Бергеннің командасы сатып алушыларға сатып алушының шын мәнінде нені қалайтынын және іздейтінін көрсететін болады, сатып алушының портретін талдайды, дүкендегі өнімнің толықтығын есептейді, еш қалдықсыз қалай сауда жасауға болатыны туралы ұсыныстарымен бөліседі, сонымен қатар көрме кезінде стиль мен имиджді құруда кеңесшіңіз болады.



Қол еңбегі мен жасанды интеллектінің өнер шайқасы

Сондай-ақ Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі бай мәдени-ойын-сауық бағдарламасын ұсынады: сән көрсетілімдері, автограф сессиялары, ықпалды адамдармен кездесулер, презентациялар және арнайы ART жобалары дәстүрлі B2B форматынан шығуға мүмкіндік береді. Алдағы маусымда көрменің дәстүрлі ART gallery CAF жобасы ерекше – арт батл форматында ұсынылады. Дәстүрлі авторлық, сәндік-қолданбалы өнер және жасанды интеллект өзара бәсекеге түседі. Көрмеде Қырғызстаннан арнайы келген қонақ, қолданбалы суретші Чолпон Аламанова «Эко-құрақ. Ғажайып заттардың өмірі» атты экспозициясын ұсынады. Көрмеге келушілер ұмыт қалған көне техника бойынша әрбір экспонат тігін өндірісінің қиындыларынын (қалдықтарынан) жасалған 10 бірегей жұмысты тамашалай алады. Жобаға 80 тігінші-шеберлеріміз қатысты, қаншама тонна мата қайта өңделді.



ART gallery CAF галереясының тағы бір жобасы – «Қазақша 100деген шынайы Fashion» деп аталатын экспозициясы. Central Asia Fashion және Profit.kz бірлескен шығармашылық ынтымақтастығы нәтижесінде

сән мен жалпы цифрландыру Қазақстанның шалғайдағы ауыл тұрғындарының түр келбетіне, өмірі мен тұрмыс-салтына қалай әсер ететіні анық көрсетіледі. Машиналық оқыту мен жасанды интеллект альянсының нәтижесінде жасалған кенепке салынған 10 бірегей жұмыс көрмеге келушілерге заманауи тенденциялар мен кеңінен таралған цифрландыруды ескере отырып, өзімізге жақын жерлерде ұлттық киім киген қазақстандықтардың қалай көрінетіні туралы өз көзқарастарымен бөліседі.

Еске салсақ, әр маусымда Central Asia Fashion халықаралық көрмесіне 6 мыңнан астам сән индустриясының кәсіпкерлері: сатып алушылар, сән бизнесінің иелері, сауда желілерінің өкілдері, сән дүкендерінің басшылары, сауда және ойын-сауық орталықтарының өкілдері, көтерме және бөлшек саудагерлер қатысады. Көрмеге келушілер мен арнайы қонақтар қатарында CAF-қа қатысушы елдердің қауымдастықтары мен өнеркәсіп палаталарының делегациялары бар.


Қазіргі уақытта CAF іс-шарасы мен іскерлік сессиясының егжей-тегжейлі бағдарламасы түзетілуде және www.fashionexpo.kz ресми сайтында қолжетімді болады.



Официальный
партнер отраслевых
исследований



Официальный
профессиональный
партнер



Официальный
партнер по
аналитике

Партнеры
Бизнес-конференции



QAZAQSTAN
volonterlar ligasy



BISAM
CENTRAL ASIA



@eco_kurak
@kurak_cholpon

@retail_consult

aidakaume nova



@mirabergen_team

@jane.ukassova

AL IN MARKET
НЕСТАНДАРТНЫЕ МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ